

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 21 сәуір N 622

"Мемлекеттік қызмет туралы" Z990453\_ және "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Z990493\_ Қазақстан Республикасы Заңдарының және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 қаңтардағы N 324 U000324\_ Жарлығының қолдануға енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы, сондай-ақ жалақы бойынша кредиторлық берешектердің өсуін болдырмау үшін мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 363 463 000 (үш жүз алпыс үш миллион төрт жүз алпыс үш мың) теңге бөлсін.

2. Қосымшада көрсетілген мемлекеттік органдарға - республикалық

бюджеттік бағдарламалардың әкімшіліктеріне бөлінген қаражатты орталық аппаратқа және аумақтық органдарға бөлуге құқық берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 21 сәуірдегі  
N 622 қаулысына қосымша

Мемлекеттік органдардың тізбесі

---

Мемлекеттік органдардың атауы	бөлінетін сома
-------------------------------	----------------

(мың теңге)

---

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	24 989
--	--------

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі	2 846
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	5 511
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	14 274
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	8 566
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	12 622
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	23 503
Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі	45 358
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	17 897
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	120 510
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі	1 946
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі	2 703
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі	3 137
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі	564
Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі	7 220
Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі	12 282
Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі	2 636
Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі	12 207
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі	33 640
Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі	6 052
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	5 000

Жиыны: 363 463

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК